# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Еркемай» жеке бөбекжайы

Топ:  «Ботақан»  ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.09-04.09.2026

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға».** *Абай Құнанбайұлы* | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. «Таңғы күй – көңіл күй бастауы» Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, таңғы күйді тыңдату. | | | | |
| | | .«Көңіл күй айнасы» Қабылдау: Балалар айнаға қарап, бүгінгі көңіл күйін мимика арқылы көрсетеді. Сұрақ: «Көңіл күйің неге осындай?» | «Бұлттағы арман» Қабылдау: Әр бала бұлт бейнесін таңдап, бүгінгі кішкентай арманын айтады. Тілек: «Арманың бүгін орындалсын!» | «Жақсылық сыйлығы» Қабылдау: Балалар «бүгін біреуге көмектесемін», «жылы сөз айтамын» сияқты жақсылық тапсырмасын таңдайды. | «Гүл күлтелері» Қабылдау: Әр бала гүлдің бір күлтесін таңдайды. Күлтеде: қуаныш, достық, мейірім, күлкі, көмек деген сөздер болады. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | «Баланы таңертең жылы сөзбен қарсы алып, жақсы көңіл күймен балабақшаға әкелу – оның күнін сәтті бастауға көмектеседі». | «Балаға адалдықты сөзбен емес, күнделікті іс-әрекетпен көрсету маңызды». | «Балаңызбен бірге ауладағы тазалықты сақтап, қоқысты арнайы жәшікке тастау мәдениетін қалыптастырыңыз». | «Үйде де балабақшадағы тәртіп ережелерін қолдап, балаға түсінікті әрі тұрақты талап қойыңыз». |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,** | | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау | «Адалдық – адамдықтың белгісі» Балалармен «Адал болу деген не?» тақырыбында әңгімелесу. Ойыншықты рұқсатсыз алмау, кезекті | «Таза Қазақстан – таза аула» Балаларды тазалыққа, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. «Қоқысты қайда тастаймыз?», | «Заң мен тәртіп» бағыты Балаларға жас ерекшелігіне сай «Ереже сақтасақ – қауіпсіз боламыз» түсінігін қалыптастыру: жолда жүру ережесін сақтау, үлкендерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру». Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, зейінін, сөйлеу, қимыл қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар) | сақтау, шындықты айту туралы қарапайым мысалдар келтіру. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Өсімдіктерді тамақтандыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Құрылыс ойындары «Балабақша құрастырамыз». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, балабақшаға сүйіспеншілігін арттырып дамытады. | «Табиғатты қалай қорғаймыз?» сұрақтары арқылы әңгімелесу. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) «Жұбын тап» ойны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді | тыңдау, кезек күту, топтағы тәртіпті сақтау, бір-біріне құрметпен қарау. Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, тақпақтың, мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (құрастыру) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақтың ұлттық ойыны. "Алтыатар ойыны". Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. | болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңеді. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | (тіл дамыту және көркем әдебиет) Б. Кірісбаев "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | Жатығу кешені №1 | Жатығу кешені № 2 | Жатығу кешені №1 | Жатығу кешені № 2 |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>1 қыркүйек - Білім күні: «Балабақша - жайлы мекен»<br>"Күй күмбірі": "Балапан" (орындайтын Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii<br>«Өнегелі»: Танысу және сенім. Тақырыбы: «Мен кіммін? Сен кімсің?» Мақсаты: балаларға ашылуға, жақынырақ танысуға, сенім атмосферасын құруға көмектесу. | | | | |
| | | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Қазақстан халқы тілдері күні<br>"Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ ересек топ** | | Қазақ тілі<br>"Мен және менің | Дене тәрбиесі<br>"Ұйымшыл балалар" | Музыка<br>"Көңілді балалар" | Дене тәрбиесі<br>"Достар жұптары". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балабақшам.<br>Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру.<br>Қарт адамға:<br>«Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Көп адамға:<br>«Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.<br>Көршің мен досыңа:<br>«Сәлеметсің бе!» - дейміз.<br>Бейтаныс адамға:<br>«Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді:<br>Қарт адамға:<br>«Сәлеметсіз бе!» - дейміз.<br>Музыка | Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету; бірқалыпты жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытуға ынталандыру. | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға балабақша туралы әнді тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка ырғақты қимылдарды музыка әуенімен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Балабақша әніміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. | | | |
| **Ортаңғы топ** | | Дене тәрбиесі<br>"Қуыршақ Дана сапта тұр"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу | Музыка<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын | Дене тәрбиесі<br>"Әдемі сап түзейміз!"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс- | Қазақ тілі<br>"Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!"<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларына үйрету. | ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | әрекетке қызығушылықтарын ояту. | |
| **Серуенге дайындық** | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | | Картотека № 6 | Картотека № 7 | Картотека № 8 | Картотека № 9 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен (қажеті болса) оларды тазалау, құрғату. (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.)<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Ұстанамын осы қылықты. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)<br>Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка) | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)<br>«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды. BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа және басқа ойындар), бейнелеу ісәрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға балабақшадағы күн тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету.<br>"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру | Үстел үсті театры.<br>Мақсат-міндеттер. «Менің балабақшам» және тағы басқа тақырыптарда сюжеттік суреттерді қарастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Көркемсөзді жаттау жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тындалған шығарманың, тақпақтың, мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Б. Кірісбаев "Бақшада".<br>Көңілді бар бала,<br>Бақшаға, баққа енсек.<br>Ойнаймыз аулада,<br>Төбеміз әткеншек.<br>Шешеміз жұмбақ та,<br>Жаңылтпаш айтамыз.<br>Кешкілік үй жаққа<br>Үлкейіп қайтамыз. | «Кімнің заттары?» ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту.<br>Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. | Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру .<br>Керекті құрал-жабдықтар: дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары)<br>Барысы.<br>Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады.<br>Педагог олар үшін арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді.<br>Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. (дене тәрбиесі) | | Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. . (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. (тіл дамыту және көркем әдебиет, шығармашылық дағдылар) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркемсөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру Д. Бұланбаева, "Достық деген не?" Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын сомдауға дағдыландыру | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді үйрету. | Балалардың шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту Суретті қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін үйрету. | Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Жолда жүру ережелерін үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | Картотека № 4 | Картотека № 8 | Картотека № 7 | Картотека № 9 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Бетім мен қолды,<br>Оң қол мен солды,<br>Сабынмен жуа білемін.<br>Сол себептен таза жүремін.<br>Ұнатамыз тазалықты,<br>Ұстанамын осы қылықты. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | | Д/ о: «Қақпалар»<br>Мақсаты:<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру. | Еркін ойын:<br>«Белгілер бойымен жүр»<br>Мақсаты: Бала өзі ересек адамның қатысуынсыз ойын ұйымдастыру. | Қимылдық ойын:<br>«Көңілді орындықтар»<br>Мақсаты: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. | «Қызықты кітаптар әлемі шақырады»<br>Мақсаты: Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым «Еркемай» жеке бөбекжайы

Топ: «Ботақан» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 07.09 - 11.09.2026ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Әркім өзінің еккенін орады».** *Шәкәрім Құдайбердіұлы* | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. «Күй – ұлттық қазына»<br>Балаларды қабылдау: Балаларды жылы көңіл күймен қарсы алу. «Құрманғазының күйі» | | | | |
| | «Көңіл күй театры»<br>Тәрбиеші эмоцияны атамай, бет қимылымен көрсетеді. Балалар оның қандай көңіл күй екенін табады. | «Көңіл күй ғарышқа»<br>Балалар «зымыранға» отырып, «жақсы көңіл күй планетасына» ұшады. Қимыл: 5-тен кері санап, «Ұштық!» деп секіру. | «Сәттілік жапырағы»<br>Әр бала жапырақ таңдап, оған бүгінгі жақсы тілегін айтады. Жапырақтар «Сәттілік ағашына» ілінеді. | «Күлімдеу эстафетасы»<br>Бір бала көршісіне күлімдейді, көршісі келе балаға күлімдейді. Осылайша бүкіл топқа «күлкі тарайды».<br>Қорытынды: «Бір күлкі – бір қуаныш!» | «Бүгін мен...»<br>Әр бала сөйлемді жалғастырады:<br>«Бүгін мен досыма көмектесемін...»<br>«Бүгін мен көңілді боламын...»<br>«Бүгін мен жаңа нәрсе үйренемін...» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балаңызбен бірге ұлттық музыка тыңдап, оның мағынасын сұрап, пікірін тыңдаңыз». | «Үйдегі қарапайым жұмыстарға баланы қатыстырып, еңбегін мадақтаңыз». | «Балаңызға әр адамның ерекшелігін құрметтеуді және жанындағы досына көмектесуді үйретіңіз». | «Бала шындық айтқан кезде оны жазғырмай, дұрыс шешім қабылдауға бағыттаңыз». | Үйде балаға өз ойыншығы мен жеке заттарын реттеуді әдетке айналдыруға көмектесіңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Еңбекке ерте үйренеміз» Балаларды қабылдау: Әртүрлі мамандық суреттерін көрсету. «Бұл маман не істейді?» ойыны арқылы кәсіптермен таныстыру. Балалар өздері ұнататын мамандықты атайды. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. | «Дос болайық бәріміз» Балаларды қабылдау: «Достық алақаны» ойыны. Әр бала досына жылы сөз айтады. Біреуді мазақтамау, ренжітпеу, ұжымнан бөлмеу туралы түсіндіру. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. «Кітап – менің қазынам» Шағын кітапхана: | «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Үй өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінікті бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктердің суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. «Бір кітап» Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тыңдалған шығарманың, мазақтама мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға | «Адалдық – жақсы қасиет» Балаларды қабылдау: «Шындықты айтқан дұрыс» тақырыбында әңгімелесу. «Адал бала қандай болады?» сұрағына жауап іздеу. «Адал болсаң – жеңесің» шағын жағдаяттық ойын. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, еңбек дағдылары) «Жас тыңдарман» | «Заң мен тәртіп»: «Ережені сақтаймын – өзімді қорғаймын» ұстанымын бекіту: үлкенге құрмет, досына ізет, жол ережесін сақтау, қоғамдық орында тәртіпті болу. Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жауапкершілікпен, мұқият және жылдам орындау. (еңбек дағдылары, дербес әрекет) Вариативті компонент. Құрастыру "Мен және менің отбасым". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br>«Балалар кітапханасы» жобасы<br>Фотосуреттерді қарастыру. «Менің отбасым».<br>Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. (шығармашылық іс-әрекет, қаза тілі) | «Кітаптар әлемі»<br>Міндеттер: Балалардың кітапқа деген қызығушылын арттыра отырып, ұқыпты ұстауға үйретеді.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады.<br>Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (құрастыру) | дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру.<br>"Мақтаншақ"<br>Әй, мақтаншақ, мақтаншақ!<br>Оянғаннан жатқанша,<br>Жатқаннан таң атқанша<br>Мақтанасың мақтаншақ.<br>Қояр ма еді құлыптап,<br>Ауызыңды бір жапқан шақ! | Дидактикалық ойын. "Туыстық атауларды ажырат".<br>Мақсат-міндеттері. Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. | таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру.<br>Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы".<br>Мақсат-міндеттері. отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Тыңдалған қысқа өлеңдерді мәнерлеп оқуға (жатқа айтуға), жаттауда түрлі интонацияларды, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жатығу кешені №3 | Жатығу кешені № 4 | Жатығу кешені №3 | Жатығу кешені № 4 | Жатығу кешені № 3 |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: отбасы туралы мақал-мәтелдер оқу, жеті ата туралы мәліметтермен бөлісу.<br>"Күй күмбірі": "Бауырым" (Қаршыға Ахмедияров) «Өнегелі»: Эмоциялар мен сезімдер. Тақырыбы: «Мен өзімді қалай сезінемін?»<br>Мақсаты: балаларға өз эмоцияларын анықтауды және білдіруді үйрету. | | | | |
| | Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиету) | Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ**<br>**Ересек топ** | Дене тәрбиесі<br>"Бір-бірден қатарға тұру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету. | Қазақ тілі<br>"Менің жанұям мен туыстарым".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік | Дене тәрбиесі<br>"Қатардан қалма".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді | Музыка<br>"Ата-ананы тыңдаймыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ата-ана туралы әннің сын-сипатын ажыратуды | Дене тәрбиесі<br>"Қатарда жүру түрлері".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыкалық-дидактикалық ойын. «Күн мен жаңбыр». Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды музыканың әртүрлі сыр-сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Ойынның шарты: көңілді күн мен бұлттың суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді. (музыка) | беру; отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. Музыка "Біздің балабақшада ойыншықтар көп". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | үйрету. | үйрету. | дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Картотека № *1* | Картотека № *3* | Картотека № *11* | Картотека № *10* | Картотека № *5* |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Даладан келген бала,<br>Айнаға жылдам қара:<br>Таза ма бетің, қолың,<br>Тараулы ма шашың,<br>Салынған ба түймең,<br>Жинақы ма келбетің. (Д.Ахметова)<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | "Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту | «Құйыршық» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет, | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және көркем әдебиет) | қазақ тілі) | «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. (дене тәрбиесі) | Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу, қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен, | "Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні, затты ортақ белгісі, қасиеті бойынша жіктеп, біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы | Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық". Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің санын гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. (математика негіздері)<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Тыңдалған қысқа өлеңдерді мәнерлеп оқуға (жатқа айтуға), жаттауда түрлі интонацияларды, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға ынталандыру; отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Атай". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауды үйрету.<br>Дайын суретті бояу тапсырмасы.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Отбасы тақырыбында суретті бояу. (сурет)<br>«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ойында балалардың отбасы өмірін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
